

# Паскаль тілінде программау

- |  |   |
|--|---|
| 1. <a href="#"><u>Кіріспе</u></a>          | 7. <a href="#"><u>Графика</u></a>               |
| 2. <a href="#"><u>Тармақталу</u></a>       | 8. <a href="#"><u>Функциялардың графигі</u></a> |
| 3. <a href="#"><u>Күрделі шарттар</u></a>  | 9. <a href="#"><u>Процедуралар</u></a>          |
| 4. <a href="#"><u>Циклдер</u></a>          | 10. <a href="#"><u>Рекурсия</u></a>             |
| 5. <a href="#"><u>Шартты циклдер</u></a>   | 11. <a href="#"><u>Анимация</u></a>             |
| 6. <a href="#"><u>Тандау операторы</u></a> | 12. <a href="#"><u>Кездесісоқ сандар</u></a>    |
|  | 13. <a href="#"><u>Функциялар</u></a>           |

# **Паскаль тілінде программалау**

**Тақырып 1. Кіріспе**

# Алгоритм

---

**Алгоритм** – атқарушы орындастың амалдардың тиянақты жоспары.

## Алгоритм қасиеттері

- **дискреттілік**: жекелеген қадамдардан(командалардан) тұрады
- **айқындылық**: атқарушыға түсінікті болатын командалардан тұруы керек
- **белгілілік**: бастапқы деректері бірдей болған жағдайда нәтижесі де бірдей болады
- **нәтижелік**: әрекеттердің шектеулі санынан кейін белгілі бір уақытта қорытынды нәтиже алуымыз керек
- **жалпылық**: алгоритм әр түрлі алғашқы мәліметтер үшін әр түрлі нәтижелер беруі тиіс
- **дұрыстылық**: алғашқы мәліметтер әр түрлі болғандығына қарамастан барлық жағдайда дұрыс нәтиже береді

# Программа

---

## Программа дегеніміз -

- қандай да бір программалау тілінде жазылған алгоритм
- компьютерге қажетті командалардың жиынтығы

**Команда** – компьютер орындауға міндетті әрекеттің өрнектелуі.

- алғашқы мәліметтерді қайдан алу керек?
- олармен қандай амалдар орындау керек?

# Программалау тілдері


---

- **Машинаға бейімделген (төменгі деңгейлі)** - әрбір команда процессордың бір командасына сәйкес келеді (ассемблер)
- **Жоғарғы деңгейлі тілдер** – кәдімгі табиғи тілге (ағылшын тіліне) ұқсайды, адамның түсінуіне оңай, бір ғана компьютерге тәуелді болмайды.
  - *Жаңадан үйренушілерге*: Бейсик, ЛОГО, Паскаль
  - *Кәсіби*: Си, Фортран, Паскаль
  - *Жасанды интеллект тапсырмалары үшін*: Пролог, ЛИСП
  - *Интернет үшін*: JavaScript, Java, Perl, PHP, ASP

# Паскаль тілі

1970 – Никлаус Вирт (Швейцария)

- студенттерді оқытуға арналған тіл
- «жоғарыдан төменге қарай» программаларын жасау



- берілгендердің әр түрлі құрылымдары(массивтер, құрылымдар, жиымдар)

# Программа қандай бөліктерден тұрады?

```
program <программаның аты>;  
const ...; {тұрақтылар}  
var ...; {айнымалылар}  
{ процедуралар мен функциялар  
}  
begin  
... {негізгі программа}  
end.
```

фигуралық жақшаның ішінде  
орналасқан түсініктемелер  
программамен өндөлмейді

# Программа қандай бөліктерден тұрады?

---

**Тұрақты** – өз атауы болатын, өзгермейтін шама, .

**Айнымалы** – өз атауы (жад үяшығы) болатын, өзгеретін шама.

**Процедура** – кейбір әрекеттерді сипаттайтын қосалқы алгоритм (мысалға шеңберді салу).

**Функция** – есептеулерді орындайтын қосалқы алгоритм (квадрат түбірді табу, **sin**).

# Программалар, тұрақтылар, айныамалылар атауы

## Атауларды сипаттағанда

- латын әріптерін (A-Z)

**Бас әріптер мен кіші әріптердің арасында айырмашылық болмайды**

- сандарды

**Атаулар санмен басталмауы керек**

- астын сызу белгісін \_

**қолдануға болады**

## Атауларды сипаттағанда

- орыс, қазақ әріптерін
- бос орындарды
- жақшаларды, +, =, !, ? белгілерін және т.б.

**қолдануға болмайды**

## Қай атаулар дұрыс жазылған?

AХby R&B 4Wheel Вася “PesBarbos” TU154  
 [QuQu] \_ABBA A+B

# Тұрақтылар

`const`

`i2 = 45; { бүтін сан }`

`pi = 3.14; { нақты сан }`

бүтін және бөлшек бөліктері нүктемен ажыратылады

`qq = 'Вася'; { символдар қатары }`

орыс, қазақ әріптерін қолдануға болады!

`l = True; { логикалық шама }`

екі мән қабылдай алады:

- `True` (ақиқат, «иә»)
- `False` (жалған, «жоқ»)

# Айнымалылар

**Айнымалы** – аты, типі және мәні болатын шама.

Айнымалының мәнін программаның жұмысы кезінде өзгертіп отыруға болады.

**Айнымалылардың типі:**

- integer { бүтін }
- real { нақты }
- char { бір символ }
- string { символдық тіркес }
- boolean { логикалық }

**Айнымалыларды сипаттау (жад бөлу):**

```
var a, b: integer;
    Q: real;
    s1, s2: string;
```


# Айнымалының мәнін қалай өзгертуге болады?

**Оператор** – жоғары деңгейлі программалау тілінің командасы.

**Меншіктеу операторы** айнымалының мәнін өзгерту үшін қолданылады.

**Мысал:**

```
program qq;
var a, b: integer;
begin
    a := 5;
    b := a + 2;
    a := (a + 2) * (b - 3);
end.
```



# Меншіктеу операторы

## Жалпы құрылымы:

**<айнымалы атауы> := <өрнек>;**

## Арифметикалық өрнектің құрамында

- тұрақтылар
- айнымалы атаулары
- арифметикалық амалдар белгілері:

+   -   \*   /        div        mod

көбейту

бөлу

бүтінді бүтінге  
бөлу

бөлуден  
қалған қалдық

- функцияларды шақыру
- жақшалар ( )

# Қай операторлар дұрыс жазылмаған?

```
program qq;  
var a, b: integer;  
    x, y: real;  
  
begin  
    a := 5;  
    10 := x;  
    y := 7,8;  
    b := 2.5;  
    x := 2*(a + y);  
    a := b + x;  
  
end.
```

аинималы атауы := белгісінің  
сол жағында болуы керек

бүтін мен бөлшектің арасы  
нұктемен ажыратылуы керек

нақты мәнді бүтін  
аинималыға меншіктеуге  
болмайды

# Амалдарды орындау тәртібі

- жақша ішіндегі өрнекті есептеу
- солдан онға қарай көбейту, бөлу, **div**, **mod**
- солдан онға қарай қосу және алу

2    3    5    4    1    7    8    6

**$z := (5*a*c + 3*(c-d)) / a * (b-c) / b;$**

$$x = \frac{a^2 + 5c^2 - d(a+b)}{(c+d)(d-2a)}$$

$$z = \frac{5ac + 3(c-d)}{ab} (b-c)$$

2    6    3    4    7    5    1    12    8    11    10

**$x := (2*a + 5*c*c - d*(a+b)) / ((c+d) * (d-2*a));$**

# Екі санды қосу

**Есеп.** Екі бүтін санды қосып, қосындысын экранда шығару.

**Шығарылуы:**

```
program qq;  
var a, b, c:  
integer;  
begin  
    read ( a, b );  
    c := a + b;  
    writeln ( c );  
end.
```

# Енгізу операторы

```
read ( a ); { a айнымалысының мәнін  
енгізу}  
read ( a, b ); { a және b  
айнымалыларының мәндерін  
енгізу}
```

**Екі санды қалай енгізуге болады?**



бос орын арқылы:

25 30

*Enter* арқылы:

25

30



# Шығару операторы

---

```
write ( a ); { а айнымалысының мәнін  
шығару }
```

```
writeln ( a ); { а айнымалысының мәнін  
шығарып, келесі жолға  
көшу }
```

```
writeln ( 'Салем!' ); { мәтінді шығару }
```

```
writeln ( 'Жауап: ', с ); { мәтінді  
және с айнымалысының мәнін шығару }
```

```
writeln ( a, '+', b, '=' , c );
```

# Шығару форматтары

```

program qq;
var i: integer;
    x: real;
begin
    i := 15;
    writeln ( '>', i, '<' );
    writeln ( '>', i:5, '<' );
    x := 12.345678;
    writeln ( '>', x, '<' );
    writeln ( '>', x:10, '<' );
    writeln ( '>', x:7:2, '<' );
end.

```

барлық  
символдар  
саны

>15<  
> 15<

>1.234568E+001<  
> 1.23E+001<  
> 12.35<

барлық  
символдар  
саны

бөлшек болғандегі  
символдар саны

# Толық шығарылуды

```

program qq;
var a, b, c: integer;
begin
writeln('Екі бүтін сан енгізіңіз');
read ( a, b );
c := a + b;
writeln ( a, '+', b, '=', c );
end.

```

**Протокол:**

бұны компьютер шығарады


**Екі бүтін сан енгізіңіз**

**25 30**

бұны программа жазушы өзі енгізеді

**25+30=55**

# Сызықтық алгоритмнің блок-схемасы



«басы» блогі

«енгізу» блогі

«процесс» блогі

«шығару» блогі

«соңы» блогі

# Тапсырмалар

---

**"4":** Үш сан енгізіп, олардың қосындысын және көбейтіндісін табу.

**Мысал:**

Үш сан енгіз:

4    5    7

$$4+5+7=16$$

$$4 \cdot 5 \cdot 7=140$$

**"5":** Үш сан енгізіп, олардың қосындысын, көбейтіндісін және арифметикалық ортасын табу.

**Мысал:**

Үш сан енгіз:

4    5    7

$$4+5+7=16$$

$$4 \cdot 5 \cdot 7=140$$

$$(4+5+7) / 3=5.33$$

# **Паскаль тілінде программалау**

**Тақырып 2. Тармақталу**

# Тармақталу алгоритмдері


**Есеп.** Екі бүтін сан енгізіп, экранға олардың үлкенін шығару.

**Шығару амалы:** бірінші сан екінші саннан үлкен болса, біріншісін, ал егер кіші болса екіншісін экранға шығару.

**Ерекшелігі:** атқарушының әрекеті кейбір шарттардың орындалуына байланысты болады (**егер ...әйтпесе ...**).

Қадамдардың тізбектеп орындалуы кейбір шарттарға байланысты болатын алгоритмдерді **тармақталу** алгоритмдері деп атайды.

# Нұсқа 1. Блок-схема



«таңдау» блогі

Тармақталудың  
толымды түрі



Егер  $a = b$ ?

# Шартты оператор

```
if <шарт> then begin
    {егер шарт орындалса, не істеу керек}
end
else begin
    {егер шарт орындалмаса, не істеу керек}
end;
```

## Ерекшеліктері:

- **else**-тің алдында нүктелі үтір **болмауы** керек
- екінші бөліктің (**else** ...) болмауы да мүмкін  
(тольымсыз түрі)
- егер блокта бір ғана оператор болса, **begin** мен **end** сөздерін жазбауға да болады

# Нұсқа 1. Программа

```
program qq;  
var a, b, max: integer;  
begin  
    writeln('Екі бүтін сан енгіз');  
    read ( a, b );  
    if a > b then begin  
        max := a;  
    end  
    else begin  
        max := b;  
    end;  
    writeln ('Екі санның Үлкені' , max);  
end.
```

шартты  
оператордың  
тольымды түрі

# Қай жері дұрыс емес?

```

if a > b then begin
    a := b;
end
else begin
    n
    b := a;
end;

```

```

if a > b then begin
    a := b; end
else begin
    b := a;
end;

```

```

if a > b then begin
    a := b;
end
else begin
    b := a;
end;


```

```

if a > b then begin
    a := b;
end
else begin
    b := a;
end;

```

## Нұсқа 2. Блок-схема



тармақталудың  
толымсыз түрі

## Нұсқа 2. Программа

```
program qq;  
var a, b, max: integer;  
begin  
    writeln('Екі бүтін сан енгіз');  
    read ( a, b );  
    max := a;  
    if b > a then  
        max := b;  
    writeln ('Екі санның Үлкені' , max);  
end.
```

шартты  
оператордың  
толымсыз түрі

## Нұсқа 2Б. Программа

```
program qq;
var a, b, max: integer;
begin
  writeln('Екі бүтін сан енгіз');
  read ( a, b );
  max := b;
  if a > b then
    max := a;
  writeln ('Екі санның Үлкені' , max);
end.
```

# Қай жері дұрыс емес?

```
if a > b then  
    a := b  
else b := a;
```

```
if a > b then begin  
    a := b;  
end  
else b := a;
```

```
if a > b then  
    a := b  
else b := a;
```

```
if b >= a then  
    b := a;
```

# Тапсырмалар

---

"4": Үш сан енгізіп олардың үлкенін табу.

Мысал:

Үш сан енгіз:

4      15      9

ЕҢ Үлкен сан 15

"5": Бес сан енгізіп олардың үлкенін табу.

Мысал:

Бес сан енгіз:

4      15      9      56      4

ЕҢ Үлкен сан 56

# Паскаль тілінде программалау

Тақырып 3. Күрделі шарттар

# Күрделі шарттар


**Есеп.** Фирма 25 пен 40 жас арасындағы қызметкерлерді жұмысқа алуда. Адамның жасын енгізіп, оны фирмаға алуға болатындығы немесе болмайтындығы туралы мәлімет шығару («болады» немесе «болмайды» деген жауап шығару).

**Ерекшелігі:** екі шарттың бір мезгілде орындалатынын немесе орындалмайтынын тексеру.



**Белгілі әдістермен шешуге бола ма?**


# Нұсқа 1. Алгоритм



# Нұсқа 1. Программа

```
program qq;  
var x: integer;  
begin  
    writeln('Жасты өнгіз');  
    read ( x );  
    if x >= 25 then  
        if x <= 40 then  
            writeln ('Болады')  
        else writeln ('Болмайды')  
    else  
        writeln ('Болмайды');  
end.
```

## Нұсқа 2. Алгоритм



## Вариант 2. Программа

```
program qq;  
var x: integer;  
begin  
writeln('Жасты өнгіз');  
read ( x );  
if (x >= 25) and (x <= 40) then  
    writeln ('Болады')  
else writeln ('Болмайды')  
end.
```

күрделі  
шарт

# Құрделі шарттар

**Құрделі шарт** – бір-бірімен логикалық операциялардың көмегімен байланысатын бірнеше қарапайым шарттардан (қатынастардан) тұрады:

- **not** – ЕМЕС (терістеу, инверсия)
- **and** – ЖӘНЕ (логикалық көбейту, конъюнкция, шарттардың бір мезгілде орындалуы)
- **or** – НЕМЕСЕ (логикалық қосу, дизъюнкция, ең болмағанда бір шарттың орындалуы)
- **xor** – арифметикалық НЕМЕСЕ (екі шарттың екеуін емес, біреуін ғана орындау)

## Қарапайым шарттар (қатынастар)

тең

тең емес

<

<=

>

>=

=

<>

# Күрделі шарттар

## Орындау тәртібі

- жақша ішіндегі өрнектер
- **not**
- **and**
- **or, xor**
- **<, <=, >, >=, =, <>**

**Ерекшелігі** – қарапайым шарттардың әрқайсысын жақшамен жабу.

**Мысал:**

4            1            6            2            5

```
if not (a > b) or (c <> d) and (b <> a)
then begin
```

...

```
end
```

# Күрделі шарттар

$a := 2; b := 3; c := 4;$  болған жағдайда ақиқат немесе жалған:

$\text{not } (a > b)$

True

$(a < b) \text{ and } (b < c)$

True

$\text{not } (a \geq b) \text{ or } (c = d)$

True

$(a < c) \text{ or } (b < c) \text{ and } (b < a)$

True

$(a < b) \text{ xor } \text{not } (b > c)$

FALSE

Х-тің қандай мәндерінде шарт ақиқат болады:

$(x < 6) \text{ and } (x < 10)$

$(-\infty, 6)$

$x < 6$

$(x < 6) \text{ and } (x > 10)$

$\emptyset$

$(x > 6) \text{ and } (x < 10)$

$(6, 10)$

$(x > 6) \text{ and } (x > 10)$

$(10, \infty)$

$x > 10$

$(x < 6) \text{ or } (x < 10)$

$(-\infty, 10)$

$x < 10$

$(x < 6) \text{ or } (x > 10)$

$(-\infty, 6) \cup (10, \infty)$

$(x > 6) \text{ or } (x < 10)$

$(-\infty, \infty)$

$(x > 6) \text{ or } (x > 10)$

$(6, \infty)$

$x > 6$

$(-\infty, 6)$	$x < 6$
$\emptyset$	
$(6, 10)$	
$(10, \infty)$	$x > 10$
$(-\infty, 10)$	$x < 10$
$(-\infty, 6) \cup (10, \infty)$	
$(-\infty, \infty)$	
$(6, \infty)$	$x > 6$

# Тапсырмалар

---

**"4": Айдың нөмірін енгізу арқылы, жыл мезгілінің атауын шығару.**

**Мысал:**

Ай нөмірін енгіз:

**4**

**көктем**

# **Паскаль тілінде программалау**

**Тақырып 4. Циклдер**

# Циклдер

**Цикл** – белгілі бір әрекеттер тізбегінің бірнеше рет қайталанып орындалуы.

- қадамдар саны **белгілі** цикл
- қадамдар саны **белгісіз** цикл (шартты цикл)


**Есеп.** 1-ден 8-ге дейінгі бүтін сандардың квадраттары мен кубтарын есептеп шығару (**a**-дан **b**-ға дейін).

**Ерекшелігі:** бірдей амалдар 8 рет орындалады.




**Белгілі әдістермен шешуге бола ма?**

# Алгоритм



# Алгоритм ("цикл" блогімен)



# Программа

```
program qq;  
var i, i2, i3: integer;  
begin
```

цикл айнымалысы

бастапқы мән

ең соңғы мән

```
for i:=1 to 8 do begin  
    i2 := i*i;  
    i3 := i2*i;  
    writeln(i:4, i2:4, i3:4);  
end;  
end.
```

# Айнымалысы кеміп отыратын цикл

**Есеп.** 8-ден 1-ге дейінгі бүтін сандардың квадраттары мен кубтарын есептеп шығару (көрі қарай есептеу).

**Ерекшелігі:** цикл айнымалысы кеміп отыруы керек.

**Шығарылуы:**

```
for i:=8 downto 1 do begin  
    i2 := i*i;  
    i3 := i2*i;  
    writeln(i:4, i2:4, i3:4);  
end;
```

# Айнымалысы бар цикл

Айнымалының 1-ге артуы:

```
for <айнымалы> := <алғашқы мән> to  
    <ең соңғы мән> do begin  
    {цикл деңесі}  
end;
```

Айнималының 1-ге кемуі:

```
for <айнималы> := <алғашқы мән>  
        downto  
    <ең соңғы мән> do begin  
    {цикл деңесі}  
end;
```

# Айнымалысы бар цикл

## Ерекшеліктері:

- цикл айнымалысының мәні бүтін болуы керек (`integer`)
- цикл айнымалысының өзгеру қадамы қашанда 1-ге (`to`) немесе -1-ге (`downto`) тең
- егер цикл денесінде бір ғана оператор болса, `begin` мен `end` сөздерін жазбай кетуге болады:

```
for i:=1 to 8 do  
    writeln('Привет');
```

- егер соңғы мән алғашқы мәннен кіші болса, (`to`) циклы бірде бір рет орындалмайды (шартты циклдың басында тексеру, шартты алдын ала тексеретін цикл)

# Айнымалысы бар цикл

## Ерекшеліктері:

- Цикл денесінде цикл айнымалысын өзгертуге рұқсат етілмейді (неліктен?)
- Алғашқы және соңғы мәндер өзгертілгенімен цикл ішіндегі қадамдар саны өзгермейді:

```
n := 8;  
for i:=1 to n do begin  
    writeln('Салем');  
    n := n + 1;  
end;
```

мұдіріп қалу жоқ

# Цикл неше рет орындалған?

```
a := 1;  
for i:=1 to 3 do a := a+1;
```

a = 4

```
a := 1;  
for i:=3 to 1 do a := a+1;
```

a = 1

```
a := 1;  
for i:=1 downto 3 do a := a+1;
```

a = 1

```
a := 1;  
for i:=3 downto 1 do a := a+1;
```

a = 4

# Қадамдарды қалай өзгертуге болады?

**Есеп.** Экранға 1-ден 9-ға дейінгі тақ сандардың квадраттары мен кубтарын есептеп шығару.

**Ерекшелігі:** цикл айнымалысы 2-ге артып отыру керек.

**Мәселе:** Паскальде қадамдар саны 1 немесе -1 болуы мүмкін.

**Шығарылуы:**

```

for i:=1 to 9 do begin
    if i mod 2 = 1 then begin
        i2 := i*i;
        i3 := i2*i;
        writeln(i:4, i2:4, i3:4);
    end;
end;

```

Тек қана тақ  
i-лермен  
орындалады

# Қадамдарды қалай өзгертуге болады? – II

**Идея:** Тек 5 санды ғана шығару керек, **k** айнымалысы 1-ден 5-ке дейін өзгереді. **i**-дің бастапқы мәні 1-ге тең, циклдың әр қадамы сайын **i** 2-ге артып отырады.

**Шығарылуы:**

```
i := 1;  
for k:=1 to 5 do begin  
    i2 := i*i;  
    i3 := i2*i;  
    writeln(i:4, i2:4, i3:4);  
    i := i + 2;  
end;
```

# Қадамдарды қалай өзгертуге болады? – III

**Идея:** Тек 5 санды ғана шығару керек, **k** айнымалысы 1-ден 5-ке дейін өзгереді. **k**-ны біле отырып, **i**-ді есептеу қажет.

<b>k</b>	1	2	3	4	5
<b>i</b>	1	3	5	7	9

$$i = 2k - 1$$

**Шығарылуы:**

```

for k:=1 to 5 do begin
    i := 2*k - 1;
    i2 := i*i;
    i3 := i2*i;
    writeln(i:4, i2:4, i3:4);
end;

```

# Тапсырмалар

---

**"4":** а мен ѣ-ны енгізіп, осы екеуінің арасындағы сандардың квадраттары мен кубтарын есептеп шығару.

**Мысал:**

Интервал шекараларын енгіз:

**4 6**

4    16    64

5    25    125

6    36    216

**"5":** 1, 2, 4, 7, 11, 16, ... тәртібімен орналасқан 10 санның квадраттары мен кубтарын есептеп шығару

**Мысал:**

1            1            1

2            4            8

4            16          64

...

46    2116    97336

# Паскаль тілінде программалау

Тақырып 5. Шартты циклдер

# Қадамдар саны белгісіз цикл

---

**Мысал:** Бөренеден ағаштың бұтағын кесіп алу керек.

Қолараны әрі-бері неше рет қозғалтуымыз керек,. ?

**Есеп:** ( $<2000000$ ) бүтін сан енгізіп, ондағы цифrlардың санын анықтау.


**Шығару амалы:** Ең соңғы орналасқан цифrlарды кезекпен алып тастай отырып, санаушыны арттырамыз.

n	count
123	0
12	1
1	2
0	3

**Мәселе:** неше қадам жасау керектігі белгісіз.

**Шығарылуы:**  $n = 0$  болғанда тоқтау керек, яғни " $n <> 0$ " болғанша орындай беру керек.

# Алгоритм



# Программа

```
program qq;
var n, count, n1: integer;
begin
  writeln('Бұтін сан енгіз');
  read(n); n1 := n;
  count := 0;
  while n <> 0 do begin
    count := count + 1;
    n := n div 10;
  end;
  writeln(n1, 'санында', count, 'цифр табылды');
end.
```

"n <> 0"  
болғанша  
орындаій беру

# Шартты цикл

```
while <шарт> do begin
    {цикл денесі}
end;
```

## Ерекшеліктері:

- күрделі шарттарды қолдануға болады:

```
while (a<b) and (b<c) do begin
    {цикл денесі}
end;
```

- егер цикл денесінде бір ғана оператор болса, **begin** мен **end** сөздерін жазбай кетуге болады:

```
while a < b do
    a := a + 1;
```

# Шартты цикл

## Ерекшеліктері:

- циклге кірген сайын шарт есептеліп отырады
- егер шарт циклге кіруде жалған болса, цикл бірде-бір рет орындалмайды

```
a := 4; b := 6;
while a > b do
    a := a - b;
```

- егер шарт түбінде жалған болмайтын болса, программаның жұмысы дағдарысқа ұшырайды (тоқтаусыз орындала береді)

```
a := 4; b := 6;
while a < b do
    d := a + b;
```

# Цикл неше рет орындалған?

```
a := 4; b := 6;
while a < b do a := a + 1;
```

2 рет  
a = 6

```
a := 4; b := 6;
while a < b do a := a + b;
```

1 рет  
a = 10

```
a := 4; b := 6;
while a > b do a := a + 1;
```

0 рет  
a = 4

```
a := 4; b := 6;
while a < b do b := a - b;
```

1 рет      b  
              = -2

```
a := 4; b := 6;
while a < b do a := a - 1;
```

дағдарысқа  
ұшырау

# For-ны while-ға ауыстыру және көрінше

```
for i:=1 to 10 do begin
    {цикл денесі}
end;
```

```
i := 1;
while i <= 10 do begin
    {цикл денесі}
    i := i + 1;
end;
```

```
for i:=a downto b do
begin
    {цикл денесі}
end;
```

```
i := a;
while i >= b do begin
    {цикл денесі}
    i := i - 1;
end;
```

**for-ны while –ауыстыруға қашанда болады.**

**while-ды for-ға , циклдегі қадамдар саны алдын ала белгілі болған жағдайда ғана ауыстыруға болады.**

## Тапсырмалар

"4": Бұтін сан енгізіп, ондағы цифрлардың қосындысын табу.

Мысал:

Бұтін сан енгіз:

1234

1234 санындағы цифрлардың қосындысы 10-ға тең.

"5": Бұтін сан енгізіп, оның жазылуында бірдей цифрларлардың бар-жоғын анықтау.

Мысал:

Бұтін сан енгіз:

1234

Жоқ.

Бұтін сан енгіз:

1224

Бар.

# Тізбектер

---

## Мысалдар:

- 1, 2, 3, 4, 5, ...

$$a_n = n$$

- 1, 2, 4, 7, 11, 16, ...

$$a_1 = 1, \quad a_{n+1} = a_n + 1$$

- 1, 2, 4, 8, 16, 32, ...

$$a_n = 2^{n-1}$$

- $\frac{1}{2}, \frac{1}{2}, \frac{3}{8}, \frac{1}{4}, \frac{5}{32}, \dots$

$$\frac{1}{2}, \frac{2}{4}, \frac{3}{8}, \frac{4}{16}, \frac{5}{32}, \dots$$

$$a_n = \frac{b_n}{c_n}$$

$$b_1 = 1, \quad b_{n+1} = b_n + 1$$

$$c_1 = 2, \quad c_{n+1} = 2c_n$$

# Тізбектер

**Есеп:** модулі бойынша 0,001-ден асып түсетін

$$1, -\frac{1}{2}, \frac{2}{4}, -\frac{3}{8}, \frac{4}{16}, -\frac{5}{32}, \dots$$

тізбектегі барлық элементтердің қосындысын табу:

$$S = 1 - \frac{1}{2} + \frac{2}{4} - \frac{3}{8} + \frac{4}{16} - \frac{5}{32} + \dots$$

**Тізбек элементтері (№2-ден бастап):**

$$a = z \frac{b}{c}$$


n	1	2	3	4	5	...
b	1	2	3	4	5	...
c	2	4	8	16	32	...
z	-1	1	-1	1	-1	...

b := b+1;

c := 2\*c;

z := -z;

# Алгоритм



# Программа

```

program qq;
var b, c, z: integer;
    S, a: real;
begin
    S := 0; z := -1;
    b := 1; c := 2; a := 1;
    while abs(a) > 0.001 do begin
        S := S + a;
        a := z * b / c;
        z := - z;
        b := b + 1;
        c := c * 2;
    end;
    writeln('S = ', S:10:3);
end.

```

бастапқы  
мәндер

қосындының  
артуы

тізбек элементін есепке  
алу

келесі  
қосылғышқа өту

## Тапсырмалар

---

**"4":** Тізбектегі элементтердің қосындысын 0,001 дәлдікпен табу :

$$S = 1 + \frac{2}{3 \cdot 3} - \frac{4}{5 \cdot 9} + \frac{6}{7 \cdot 27} - \frac{8}{9 \cdot 81} + \dots$$

**Жауап:**

$$S = 1.157$$

**"5":** Тізбектегі элементтердің қосындысын 0,001 дәлдікпен табу :

$$S = 1 + \frac{2}{2 \cdot 3} - \frac{4}{3 \cdot 9} + \frac{6}{5 \cdot 27} - \frac{8}{8 \cdot 81} + \frac{10}{13 \cdot 243} - \dots$$

**Жауап:**

$$S = 1.220$$

# Соңғышартты цикл

**Есеп:** Бүтін **оң** сан енгізіп(<2000000), ондағы цифрлардың санын анықтау.


**Мәселе:** Теріс санның немесе нөлдің енгізілмеуін қалай қадағалауға болады?

**Шығарылуы:** Егер бұрыс сан енгізілсе, берілгендерді енгізу үшін кері оралу (цикл!).

**Ерекшелігі:** Цикл денесі кемінде бір рет орындалады.  
=> шарттың тексеруді циклдың соңында орындау керек.  
**(соңғышартты цикл).**

**Соңғышартты цикл** – шарттың тексерілуі циклдың соңында орындалатын цикл түрін айтады.

# Соңғышартты цикл: алгоритм



цикл денесі

~~ШЫГУДЫН~~ шарты

«типтік процесс»  
блогі

# Программа

```

program qq;
var n: integer;
begin
repeat
  writeln('Оң сан енгіз');
  read(n);
until n > 0;
... { негізгі алгоритм }
end.
```

ШЫГУДЫҢ шарты

## Ерекшеліктері:

- цикл денесі кемінде бір рет орындалады
- `until` ("...болмайынша") сөзінен кейін циклдан  
ШЫГУДЫҢ шарты қойылады

# Цикл неше рет орындалған?

```
a := 4; b := 6;
repeat a := a + 1; until a > b;
```

3 рет  
a = 7

```
a := 4; b := 6;
repeat a := a + b; until a > b;
```

1 рет  
a = 10

```
a := 4; b := 6;
repeat a := a + b; until a < b;
```

Мұдіріп Қалу

```
a := 4; b := 6;
repeat b := a - b; until a < b;
```

2 рет  
b = 6

```
a := 4; b := 6;
repeat a := a + 2; until a < b;
```

Мұдіріп Қалу

# Тапсырмалар (бұрыс енгізуден қорғау)

---

**"4":** Натурал сан енгізіп, сол сандағы цифrlардың қосындысы 10-ға тең екендігінің дұрыстығын анықтау.

**Мысал:**

$\geq 0$  сан енгіз:

**-234**

Оň сан енгізу керек.

$\geq 0$  сан енгіз:

**1234**

Иә

$\geq 0$  сан енгіз:

**1233**

Жоқ

**"5":** Натурал сан енгізіп, қандай цифrlардың бірнеше рет кездесетіндігін анықтау.

**Мысал:**

$\geq 0$  сан енгіз:

**2323**

2, 3 Қайталанады

$\geq 0$  сан енгіз:

**1234**

Қайталану жоқ.

# Паскаль тілінде программалау

**Тақырып 6. Таңдау операторы**

# Таңдау операторы

**Есеп:** Ай нөмірін енгізіп, осы айдағы күндердің санын шығару.

**Шығарылуы:** Айдағы күндер саны

**28 күн** – 2 (ақпан)

**30 күн** – 4 (сәуір), 6 (маусым), 9 (қыркүйек), 11 (қараша)


**31 күн** – 1 (қаңтар), 3 (наурыз), 5 (мамыр), 7 (шілде),  
8 (тамыз), 10 (қазан), 12 (желтоқсан)

**Ерекшелігі:** Екі нұсқаның өмес, айдың нөміріне сәйкес бірнеше нұсқаның бірін таңдау.



Бұған дейінгі қолданған әдістермен шешуге бола ма?

# Алгоритм



тандай операторы

ешбір  
нұсқасы  
сәйкес  
келген жоқ

# Программа

```
program qq;
var M, D: integer;
begin
  writeln('Айдың нөмірін енгіз:');
  read ( M );

  case M of
    2:           begin D := 28; end;
    4,6,9,11:   begin D := 30; end;
    1,3,5,7,8,10,12: D := 31;
    else          D := -1;
  end;

  if D > 0 then
    writeln('Бұл айда ', D, ' күн.')
  else
    writeln('Айдың нөмірі дұрыс емес');

end.
```

ешибір нұсқасы  
сәйкес келген жоқ

# Таңдау операторы

## Ерекшеліктері:

- **case**-тен кейін айнымалы атауы немесе бүтін типті (**integer**) арифметикалық өрнек

```
case i+3 of
    1: begin a := b; end;
    2: begin a := c; end;
end;
```

немесе символдық типті (**char**) арифметикалық өрнек

```
var c: char;
...
case c of
    'а': writeln('Бекен');
    'б': writeln('Борсық');
    else writeln('Білмеймін');
end;
```

болуы мүмкін

# Таңдау операторы

---

## Ерекшеліктері:

- егер бір ғана операторды орындау керек болса, **begin** мен **end** сөздерін жазбай кетуге болады

```
case i+3 of
    1: a := b;
    2: a := c;
end;
```

- бірдей екі мәнді қоюға болмаиды

```
case i+3 of
    1: a := b;
    1: a := c;
end;
```

# Таңдау операторы

## Ерекшеліктері:

- бірдей әрекеттер орындалатын кезде қолданылатын мәндерді топтастыру қажет

тізбелеп санап  
шығу

диапазон

аралас

```
case i of
    1:           a := b;
    2, 4, 6:     a := c;
    10..15:      a := d;
    20, 21, 25..30: a := e;
    else writeln('Кате');
end;
```

# Қай жері дұрыс емес?

---

```
case a of
  2: begin a := b;
  4: a := c;
end;
```

```
case a of
  2: a := b ;
  4: a := c
end;
```

```
case a of
  2..5: a := b;
 4: a := c;
end;
```

```
case a of
  0..2: a := b;
  3..6: a := c;
end;
```

```
case a+c/2 of
  2: a := b;
  4: a := c;
end;
```

```
begin
  case a of
    2: a := b; d := 0; end;
    4: a := c;
  end;
```

# Тапсырмалар (бұрыс енгізуден қорғаумен)

---

**"4":** Айдың нөмірін енгізе отырып, осы айдағы күндердің санын және енгізу кезінде жіберілген қателердің санын есептеп шығару.

**Мысал:**

Ай нөмірін енгіз:

**-2**

Ай нөмірін енгіз:

**11**

Бұл айда 30 күн бар.

Сіз 1 рет Қате енгіздіңіз.

Ай нөмірін енгіз:

**2**

Бұл айда 28 күн бар.

Сіз 0 рет Қате енгіздіңіз.

**"5":** Айдың нөмірі мен күннің нөмірін енгізіп, Жаңа жылға дейін қалған күндердің санын анықтау.

**Мысал:**

Ай нөмірін енгіз:

**12**

Күнді енгіз:


**25**

Жаңа жылға дейін 6 күн бар.

# **Паскаль тілінде программалау**

**Тақырып 7. Графика**

# Координаталар жүйесі



# Түстерді басқару

**Сызықтың түсі мен қалындығы, нұктелердің түсі:**

**Pen ( 1, 255, 0, 0 );**

сзықтың  
қалындығы

R(red)  
0..255

G(green)  
0..255

B(blue)  
0..255

**Бояудың түсі мен стилі.**

**Brush ( 1, 0, 255, 0 );**

0 – өшіру



R

G

B

**Мәтін** · 1 - қосу

**TextColor ( 0, 0, 255 );**

R


G

B


# Нүктелер, кесінділер және қисық сыйықтар

$(x, y)$

```
Pen (1, 0, 0, 255) ;
Point (x, y) ;
```




```
Pen (1, 0, 255, 0) ;
Line (x1, y1, x2, y2) ;
```




```
Pen (1, 255, 0, 0) ;
MoveTo (x1, y1) ;
LineTo (x2, y2) ;
LineTo (x3, y3) ;
LineTo (x4, y4) ;
LineTo (x5, y5) ;
```


# Фигуралардың ішін бояу



```
Pen (1, 0, 0, 255);
Brush (1, 255, 255, 0);
Rectangle (x1, y1, x2, y2);
```




```
Pen (1, 255, 0, 0);
Brush (1, 0, 255, 0);
Ellipse (x1, y1, x2, y2);
```



```
Brush (1, 100, 200, 255);
Fill (x, y);
```


# Мәтін



```
TextColor (0, 0, 255);  
Brush (1, 255, 255, 0);  
Font (20, 30, 600);  
  
    өлшемі  
    10 пиксель  
    айналу  
    бұрышы  
  
MoveTo (x, y);  
writeln ('Салем!');
```

қанықтылық:  
400 – қалыпты  
600 – қалың

# Мысал




```
program qq;
begin
  Pen(2, 255, 0, 255);
  Brush(1, 0, 0, 255);
  Rectangle(100, 100, 300, 200);
  MoveTo(100, 100);
  LineTo(200, 50);
  LineTo(300, 100);
  Brush(1, 255, 255, 0);
  Fill(200, 75);
  Pen(2, 255, 255, 255);
  Brush(1, 0, 255, 0);
  Ellipse(150, 100, 250, 200);
end.
```


# Тапсырмалар

---


"4": «Бақа»



"5": «Тәж»



# Штрихтер салу



$$h = \frac{x_2 - x_1}{N + 1}$$

```
Rectangle (x1, y1, x2, y2);
